

**«Қарағанды облысы білім басқармасының Балқаш қаласы білім
бөлімінің « №5 жалпы білім беретін мектебі»КММ
Қамқоршылық кеңес отырысы
хаттамасы №1**

Өткізілген күні: 31.08.2021

Қатысқандар: мектеп директоры, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, әлеуметтік педагог, қамқоршылық кеңесі мүшелері, ата-аналар комитеті, мүшелері

Күн тәртібінде:

1. ҚР БҒМ 27.07.2017 ж. № 355 бұйрығымен бекітілген Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің жаңа үлгілік қағидаларымен танысу.
2. Қамқоршылық кеңесі мүшелерінің қатысуымен 2021-2022 оқу жылында атқарылатын іс-шаралардың жоспарымен таныстыру.
- Қамқоршылық кеңесі төрағасы Кайпбергенов Б.К
3. Кеңес мүшелерінің міндеттерін және жаңа құрамды бекіту.
4. 2021-2022 оқу жылының сабақ кестесі мен оқу жоспарын бекіту
5. «Мектепке жол» акциясына қатысу және атқарылған жұмыстар жайлы

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша қамқоршылық кеңесінің төрағасы Б.К. Кайпбергенов білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын, жалпы ережелерін қамқоршылық кеңесі міндеттері мен атқаратын іс-әрекеттері ҚР БҒМ 27.07.2017 ж. № 355 бұйрығымен бекітілген Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің жаңа үлгілік қағидаларымен таныстырып өтті.

2. Екінші сұрақ бойынша Кеңес мүшелері 2021-2022 оқу жылына арналған Қамқоршылық кеңесінің жылдық жұмыс жоспарын талқылап, құрды. Кеңес мүшелері жылдық жоспарды бірауыздан қабылдап бекітті.

Келесі сөзді мектептің әлеуметтік педагогы А.С. Касенова алып, биылғы «Мектепке жол -2021» акциясының өту барысына тоқталып өтті.

Акцияның мақсаты: жаңа оқу жылына дайындық уақытында аз қамтамасыз етілген және көпбалалы отбасылардан шыққан оқушыларға қолдау көрсету; баланың әлеуметтік себептермен мектепке келмей қалуының алдын алу; жетім балаларға, ата – анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға, көп балалы, тұрмыс жағдайы төмен отбасыларына нақты көмек көрсету болып табылады. Мектебіміздегі 2021-2022 оқу жылына арналған көмекке тоқталатын болсақ аз қамтылған отбасынан шыққан 48 оқушылар бар. Соның ішінде әлеуметтік педагогқа құжат тапсырып, жалпыға бірдей оқу қорынан көмек алған оқушылар саны - 20. Оның ішінде қамқорлықта 5 оқушы, 15 оқушы аз қамтылған отбасы балалары. Осы оқушыларға мектеп формасы, ақ көйлек, аяқ киім, оқуға қажетті құрал-жабдықтармен толық қамтылды.

Қалалық ювеналды полиция тобы (ЮПТ) қызметкерлерінің қолдауымен 2оқушыға демеушілік жасап, мектеп формасы, туфли, красовка, ақ көйлек, спорттық киім, оқу құралдармен көмек көрсетті.










Қоры көп балалы отбасынан шыққан 10 оқушыға, мектеп сөмкесі және оқу құралдың барлық түрін сыйға тартып, демеушілік көрсетті. Биылғы оқу жылы аз қамтылған, қамқорлықтағы, көп балалы отбасынан шыққан оқушылардың 80 % көмек көрсетілді.

акция әлі де 30 қыркүйекке дейін жалғасатынын, әлі де көмек қажет ететін аз қамтылған жанұялар бар екенін мәлімдеді. Мектеп директоры отырыс соңында сөз алып кеңес мүшелері жұмысына оң баға беріп, алғысын білдірді және де акция барысында көмек көрсеткен демеушілерге алғыс хаттар жолданатындығын айтты.

3.Үшінші сұрақ бойынша мектептегі қамқорлық кеңесінің төрағасы Каипбергенов Бакытбек Қымранович өткен оқу жылындағы кеңес мүшелерінің жұмысына толық тоқтала отырып,Қамқоршылық кеңестің мүшелерінің ауысқандығы туралы хабардар етті.Абдрахманова Мейрамгул және Бектаев Нуржан Шыналиевичтің басқа қалаға ауысуларына байланысты осы 2021-2022оқу жылында Нөкербекова Айсұлу Кенераловна және Асылханова Алтынай Жоламановна кеңестің мүшелігіне сайланғанды туралы айтып өтті.мектептің оқу жұмыс жоспары оқушылардың білім сапасын арттыруға және жан-жақты рухани – мәдени дамуына әсерін тигізетінін баса айта келіп, оқу жоспарында берілген вариативті бөліктерінің мектеп және оқушы компонентіне кірген таңдау курстары үшін берілген сағаттарға және сабақ кестесінің құрылымына келісетінін білдірді.

ШЕШІМ:

- 1.Қамқоршылық кеңесінің жұмысы қанағаттандырылдық деп саналсын.
- 2.Қамқоршылық кеңестің төрайымы мен мүшелері төмендегі құрамда, бекітілсін:
Қамқоршылық кеңес төрағасы- Кайпбергенов Б.К
Кеңес мүшелері: Асылбеков Ж.К
Нөкербекова Айсұлу Кенераловна
Сейтжанов Қайыржан Арсланұлы
Кәрім Нұрдос Маратұлы
Тлеубеков Бексултан Комекбайұлы
Хасихан Бақытгүл
Асылханова Алтынай Жоламановна
Сабанбаева Нургуль Курманжановна
3. Қамқоршылық кеңесінің жылдық жоспары бекітілсін, іс-шаралар мерзімге сай өткізілсін.
4. 2021-2022 оқу жылының сабақ кестесі мен оқу жоспары бекітілсін.
- 5.«Мектепке жол-2021» акциясы жұмысы жалғастырылсын.

| | |
|------------------|--|
| Кайпбергенов Б.К |  |
| Асылбеков Ж.К |  |
| Нөкербекова А.К |  |
| Сейтжанов Қ.А |  |
| Кәрім Н. М |  |
| Тлеубеков Б.К |  |
| Хасихан Б |  |
| Асылханова А. Ж |  |
| Сабанбаева Н.К |  |